

Уразымбетов Т.Е.

**ҚР Қылмыстық процестік
кодексіндегі сотқа дейінгі
өндірісте тергеу аппаратын
жетілдіру жолдары**

Ғылыми мақалада, отандық қылмыстық сот өндірісінде іс жүргізушілік келісім институтының теориялық негіздерін талдау арқылы заңнамалық жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жолымен қылмыстық іс жүргізушілікті қамтамасыз ету. Сонымен бірге, аталған құқықтық құбылысты қолдану бойынша шетелдердің сот-тергеу тәжірибесі, заңнамасының ерекшеліктерін зерттеу жолымен қылмыстық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіру қарастырылған. Мақалаға жаңа кодексте, қылмыс үшін қосымша төрт түрлі жаза қолдануы туралы енгізілген. Атап айтқанда, мүлкін тәркілеу, атағынан, шенінен, марапаттарынан айыру және белгілі бір қызметпен айналысуын шектеу. Бұл жазалардың бәрі қазіргі заңда негізгі жаза ретінде қолданылып жүргені мәлім. Жаңа Қылмыстық кодексте айыппұл төлеуден жалтаратындарды заң тезіне салу үшін бас бостандығынан айыру жазасын қолдану қарастырылған. Бұл жағдайда абақтыда отырған бір күн төрт айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі айыппұл көлемімен теңестіріледі. Сондай-ақ, ендігі арада айыппұлды қасақана төлемеу айғағын дәлелдеудің еш қажеті жоқ. Мұның өзі бүгінде көбейіп кеткен айыппұлдан жалтарушыларды тезге салуға игі ықпалын тигізері анық.

Түйін сөздер: қылмыстық істер, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыстық қудалау, тергеу амалдары.

Urazimbetov T.

**Ways of improving the
investigative unit before the
court in the proceedings of the
Code of Criminal Procedure**

The article deals with legislative support through development of proposals for improving the criminal procedural, through the analysis of theoretical bases of Institute of the procedural agreement in the domestic proceedings. The article includes, the application of the new code, the use of four types of punishment for the crime. In particular, confiscation of property, deprivation of a rank, a rank, awards, and restriction to engage in certain activities. It is known that all these penalties the current law is applied as the main punishment. The new Criminal code, failure to pay the penalty provided for the punishment of deprivation of liberty. In this case, one day in the colony is equal to the volume of penalty, that is, the four dimensions MCI. As well as a forward proof, the fact of deliberate non-payment of the fine is not necessary. This will have an impact to speed up the collection of the health, those who today refuse to pay fines. The article also provided for use in the educational process and scientific research on emerging issues related to standards and the system of criminal law and criminal process.

Key words: criminal proceedings, pre-trial investigation, criminal offence, criminal prosecution, investigation techniques.

Уразымбетов Т.Е.

**Пути совершенствования
следственного аппарата
в досудебном производстве
по УПК РК**

В статье рассмотрено законодательное обеспечение путем разработки предложений по совершенствованию уголовно-процессуальности через анализ теоретических основ института процессуального соглашения в отечественном судопроизводстве. В статью включены приложение в новом кодексе о применении четырех видов наказания за преступление. В частности, конфискация имущества, лишение звания, чина, наград и ограничение заниматься определенной деятельностью. Известно, что все эти наказания в действующем законе применяются в качестве основного наказания. В новом Уголовном кодексе за неуплату штрафа предусмотрено применение наказания в виде лишения свободы. В этом случае один день в колонии приравнивается к четырем месячным расчетным показателям. Впредь доказывание факта умышленной неуплаты штрафа не имеет необходимости. Это точно повлияет на ускорение вылаты, на тех, кто на сегодняшний день уклоняется от уплаты штрафов. Статья также рекомендуется для применения в учебных процессах и научных исследованиях по вопросам возникающих проблем, связанных с нормами и системой уголовного права и уголовного процесса.

Ключевые слова: уголовное дело, досудебное расследование, уголовное правонарушение, уголовное преследование, следственные приемы.

**ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ
ПРОЦЕСТІК
КОДЕКСІНДЕГІ СОТҚА
ДЕЙІНГІ ӨНДІРІСТЕ
ТЕРГЕУ АППАРАТЫН
ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

Қазақстан Республикасында қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірісті, яғни тергеу аппаратын жетілдіру мәселесі қылмыстық іс жүргізу ғылымында әрқашан маңызды орын алады. Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірісі қылмыстық процестің алғашқы сатыларының бірі болып табылады және қылмыстық процестегі құқықтық қатынастың үлкен бөлігін қарастырады. Тиісінше, сотқа дейінгі өндірістің барлық сатыларында қылмыстық сот өндірісінде бекітілген міндеттерді жүзеге асыру және қылмыстық процестік заңнамасының талаптарын сақтауы тергеу аппаратының ары қарай дамуы үшін маңызды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын реформалауды бастау керек...», – деп атап кеткен [1]. Сондықтан, сотқа дейінгі өндірістің негізгі нысаны ретіндегі тергеу аппаратын жетілдіру, сотқа дейінгі тергеп-тексеру міндеттерін реттейтін қылмыстық іс жүргізу нормаларын, оның қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін, тергеу қызметін жүзеге асырудың процедурасы мен оларды Қазақстан Республикасында танылған қылмыстық іс жүргізу құқығы және халықаралық құқықтық актілердің жалпы жүйесімен сәйкес болуын қайта қарауды талап етеді. Осы мақсаттар бойынша аталған қызметті реформалау тергеушінің функциялық міндетін нақты анықтауға, оған қажетті құзыреттер беруге, сондай-ақ сырттай қандай да бір әсер етуді болдырмайтын тергеу аппаратын қайта құруға бағытталуы қарастырылған.

ҚР ҚПК-де қылмыстық сот өндірісін жетілдіру жолдары белгіленген, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында бәсекелестіктің негізгі бастамасының маңыздылығы көрсетілген. Осыған байланысты, тергеу органдарының қылмыстық іс-жүргізішілік функциясын оқыту, қылмыстық процесте тергеу қызметінің және тұлғалардың құқықтарын қорғау арасындағы тиімділікті оңтайландыру мақсатымен олардың даму жетістіктерін айқындау өзекті мәселе ретінде көрсетіліп отыр. Тергеу аппараты қызметінің оңтайландырылуы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүйесінің функционалдық және ұйым-

дастырушылық құрылымының мәселесін зерттеу және ол мәселелерді шешу деңгейіне байланысты.

Тергеу аппаратының орнын анықтау мәселесін және оның қызметін оңтайландыру жолдарын табу мәселесін шешу қылмыстық іс жүргізу жүйесінде ең қиыны болып табылады, сондықтан да, бұл мәселе бүгінгі күнге дейін ғалымдар арасында даулы және талқылау тақырыбы болып келеді.

Бұл мәселені шешу үшін, біз тергеу аппаратының қалыптасу және даму үрдісінің бірінші дәрежелі, маңызды, мағыналы функционалдық-құрылымдық тұрғыдан айқындау мен зерттеуді ұсынамыз, бұл тергеу аппараты қызметі мен қазіргі құрылымына ұйымдастырушылық принципті негізге ала отырып, ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Тергеу аппаратының қызметін дамытудың тиімді жолын іздеу барысында, оның кезеңдік ұйымдастырушылығына, қылмыстық іс жүргізу заңнамасына өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуіне, қылмыстардың тергелуін реттеу үшін қабылданатын заңнамалық актілерге назар аудару қажет. Тәжірибенің жедел түрде дамуы, көп жағдайда теориялық өңдеуден озып жатады, сондықтан бұл теория үшін де, тәжірибе үшін де белгілі мәселелерді тудырады. Сол үшін де, Қазақстанда тергеу қызметінің тарихы мен қазіргі кезін зерттей және бағалай отырып, оның болашағын болжай аламыз. Яғни, Қазақстанның көпжылдық қылмыстық іс-жүргізу заңнамасының даму және қалыптасу тарихына талдау жасау қажет [2, 26].

Кеңестік және одан кейінгі кезеңдерде тергеу органдарының институты өз дамуында негізгі үш кезеңнен өтті.

Бірінші кезең – Қазақстанда ұзақ уақыт, 1923 жылдан 1960 жылға дейін РСФСР ҚПК-і қолданылған кезең, алғаш Қазақстанның қылмыстық іс-жүргізу заңдары күшіне кірді. Бірінші кезеңде қылмыстық іс-жүргізу заңнамасымен ол реттейтін тергеу практикасы КСРО мен РСФСР-дің тиісті қылмыстық іс-жүргізу заңдарының тікелей ықпалымен дамыды.

Екінші кезең – ол 1960-1991 жылдарды, яғни тәуелсіздік алғанға дейінгі кезді қамтиды. ҚІЖК мазмұны жағынан сол қалпы қалғанмен, заң шығарушы оның тергеу қызметін регламенттейтін кейбір институттары мен нормаларын өзгертуге мүмкіндік алды. Бұл жылдары Қазақстанның Қылмыстық іс-жүргізу кодексіне 60-тан аса өзгертулер мен толықтырулар енгізілді [3, 39].

Үшінші кезең – 1991 жылдан бергі уақытты қамтиды. Бұл кезеңдерде тергеу органдарының институты Қазақстанның егемендігі жағдайында дамыды. 1991 жылғы 13 желтоқсандағы заңмен ҚР ҚПК-і күшіне енді.

Тергеу аппаратының қызметі мен ұйымының тарихы – жыл сайын өзінің бойына даму және қалыптасу тәжірибесін бойына сіңіретін, динамикалық және заңды процесс.

Елімізде тергеу қызметінің қалыптасу және даму тарихы 1963 жылдан басталады. Қай кезде болмасын тергеу органдарында өз тағдырын қиыншылығы мен қызығы мол, ауыр әрі мәртебелі мамандықпен байланыстырған азаматтар жұмыс істейді. Жалпы Ішкі істер органдарына тергеу қызметін 1963 жылы 6 сәуірде берілген. Оған дейін милиция анықтау жүргізген, алдын ала тергеу прокуратурада, сотта жүргізіліп келген. Кейіннен 1995 жылы Конституцияның 84-бабына өзгерістер енгізіліп, алдын ала тергеу прокуратурадан бөлек, дербес болуы керек болғандықтан ішкі істер органдарына беру қажеттігі туындады. Бұл еліміздегі құқықтық реформалардағы адам құқығын қорғау мәселелерін әлемдік деңгейге лайықтау бағытындағы қадам болатын. Осыған байланысты қылмыстарды тергеу функциялары прокуратурадан алынып, жаңадан жасақталған ҚР Мемлекеттік Тергеу Комитетіне жүктелді. Оның құрамына негізінен әскери прокуратура тергеушілерінен тұратын әскери-тергеу Бас басқармасы енді. Бұл мезгіл әскери-тергеу органдарының жаңа құрылым ретінде қалыптасу кезеңі болды. 1997 жылдан әскери тергеу саласы ҚР ішкі істер министрлігіне толықтай берілді.

2014 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Президенті жаңа ҚР қылмыстық процессуалдық Кодексіні бекіту туралы Заңға қол қойды. Аталған Заң 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Осыған байланысты ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Лаура Ағыбаеваның айтуынша, 2015 жылдың қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық кодексте өзгерістер мен жаңалықтар аз емес. Бүгінгі қолданыстағы Қылмыстық кодексте 393 бап болса, жаңа кодексте 467 бап бар. Кодекске енгізілген қосымша баптарда бұрын мүлде қарастырылмаған жаңа қылмыстық жазаға тарту мен қылмыстан босату түрлері қамтылған. Қылмыстық кодекстегі жаңа өзгерістердің бірі екі буынды қылмыстық жазаға тартылатын әрекет жөніндегі түсініктің енгізілуі десе болады. Бұрын қылмыс пен қылмыстық әрекет жалпы ортақ түсінікпен айқындалатын еді. Қылмыс пен

қылмыстық әрекетті екі топқа бөліп қарау бүгінгі күні Германия, Испания, Австрия, Голландия, Норвегия және Чехия сияқты батыс елдерінде тиімді қолданылып келеді. Қылмыс пен қылмыстық әрекетті бөліп қарастыруды Н. Загородников, С. Бородин, И. Карпец сияқты аты әлемге танымал белгілі ғалымдар да мақұлдайды. Қылмыстық әрекет – бұл әлі қылмыс емес, дегенмен мұндай әрекеттің қоғам, адам үшін залалы бар. Ол әкімшілік заңбұзушылық пен қылмыстық заңбұзушылықтың арасындағы буын іспетті. Сондықтан да, қылмыстық әрекет жасағаны үшін жауапкершілік те қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен өзгеше болуы тиіс [4, 2].

Қылмыстық процестің бастапқы сатысы одан тергеуге дейінгі тексерулерді және қылмыстық іс қозғауды алып тастау жолымен түбегейлі өзгертілді.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және хабарламаны тіркеу не тіркеу алдындағы алғашқы шұғыл тергеу амалдары тергеудің басталғанын білдіретін болады.

Процесті оңайлату және тиімділігі мақсатында куәнің және жәбірленушінің айғақтарын тергеу судьясының депонирлеуі туралы нормалар енгізілді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру дегеніміз оған уәкілетті органдардың қылмысты ашу, оны жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту, материалдық зиянның орнын толтыру мақсатында дәлелдемелерді жинақтау, тексеру және бағалау жөніндегі қызметі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қызметі, сонымен қатар, қылмыстан келген зиянның сипаты мен мөлшерін айқындауға, азаматтық талапты немесе болуы мүмкін мүлік тәркілеуін қамтамасыз етуге, қылмыстың жасалуына алып келген себептер мен жағдайларды айқындауға, оларды жою үшін шара қабылдауға бағытталған [5, 119].

Қылмыстарды айқындау және олардың жолын кесу – жедел іздестіру шараларын, анықтау, сотқа дейінгі тергеп -тексеру, басқа да қызметтер жүргізу барысында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының сотқа дейінгі өндірісте тергеу аппаратын жетілдіруінің жолдары:

Қылмыстық қудалау және анықтау органдарының құрамына кіретін барлық тергеу бөлімдерін жеке, дербес мемлекеттік орган ретінде құру, мысалы, Тергеу Агенттігіне (Комитеті немесе Бюро) қылмыстық істердің барлық санаттары бойынша тергеудің барлық құзыретін беру [6].

Артықшылықтары:

1) қылмыстық қудалау және анықтау органдарына әкімшілік бағынуынан шығару. Маңыздысы, оларды әкімшілік жағынан тәуелсіз жасайды. Яғни, бұл қоғамның ділділігін (ментальность) ескереді. Келешекте тергеу қызметін, шынында, процессуалды тәуелсіз болуына мүмкіндік жасайды. Сонымен, мысалы, АҚШ-та тергеуді соттың анықтау органы жүзеге асырады, ал прокуратура ақпараттардың қайнар көздерін іздеуді жүзеге асырады. Сол арқылы сот талқылауы сатысында дәлелдемелер құралады [7].

ГФР-да тергеуді сот-анықтаушысы жүзеге асырады. Ал полиция мен прокуратура қылмысқа қатысты ақпараттарды жинайды, сот тергеуіне айыптауды ұсынады.

Францияда тергеуді сот құрамына кіретін, мемлекеттің Президентімен тағайындалатын сот тергеушісі жүзеге асырады.

2) тергеушінің тәуелсіздігі – қылмыстық істер бойынша барлық жағдайды неғұрлым объективті тергеуге мүмкіндік жасайды.

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеру және анықтау деп бөлінуінен шығару қажет.

Біздің ойымызша, қылмыстық істерді тергеуде «сотқа дейінгі тергеп-тексеру және анықтау» – деп, екі формаға бөлінуі логикаға сәйкес келмейді. Екі жағдайда да жәбірленуші мен айыпталушысы болады, олардың қылмыстық іс-жүргізушілік заңнамасымен бірдей дәрежеде қорғалатын құқықтары мен заңды мүдделері бар.

4) «анықтау штаты» институтын тарату туралы мәселені қарастырған жөн. Сондай-ақ, тергеудің ерекшеліктеріне байланысты істі қараудың әр түрлі мерзімін сақтай отырып, қылмыстың барлық түрін тергеуді тергеушіге беру қажет. Анықтау органдарына берілген анықтау жүргізу құзыретін де тергеуге беру қажет деп есептейміз. Немесе, анықтау органдарына қылмыстарды айқындау, рәсімдеу, тіркеу және де материалдарды Тергеу Агенттігіне (Комитет, Бюро) тапсыруы бойынша құқықтары мен міндеттерін қалдырған жөн. Сонымен қатар, қысқартылған тәртіпте тергеу жүргізу бойынша негіз болатын тізімді кеңейте отырып, қысқартылған тәртіпте істі тергеу бойынша құзыретін анықтау органдарына қалдыру керек деп санаймыз;

5) анықтау органдары материалдарды басқа органға тапсыруын тәртіпке келтіреді, сонымен қатар анықтау органдары бастапқы материалдардың сапалы орындалуын қамтамасыз етуге мәжбүр. Бұл қызметтің қорытындыларын

олардың қызметін бағалау критерийі ретінде алуға болады;

6) тергеу қызметкерлерінің «қабырғасын» құруға, олардың кәсіби дәрежесін жоғарылатуға, сонымен қатар, кадр бөліміндегі «кезектілікті» төмендетуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде ПМ төменгі бөлімшелерінде тергеу қызметкерлерінің орташа еңбек өтілімі 2 жылдан аспайтын уақытты құрады;

7) тергеу жүргізу кезінде түсінбестікке алып келмейтін және тергеуде процессуалдық әдістер мен тәсілдерді, сондай-ақ уақытты үнемдеуге алып келетін тергеу тәртібін сақтауға мүмкіндік береді [8, 39].

Қорыта келгенде бүгінгі таңда анықтаушылар іс жүзінде тергеушілер атқаратын жұмысты атқарады. Алайда, бұл ретте олардың іс бойынша шешім қабылдау мәселесіндегі құзыреті шектеулі.

Сонымен қатар заңнамада анықтаудың сотқа дейінгі тергеп-тексеруге өтуі көзделген.

Анықтаушылар айқын емес және кәмілетке толмағандар мен өздерінің дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған қылмыстар туралы істердің тергеуін сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысанында іске асырады.

Тергеудің дағдылы және жеделдетілген нысанның арасында тергеу және тергеуде болу мерзімдерінде ғана айырмашылығы бар. Бірінші жағдайда тергеу мерзімі 2 ай, ал екінші жағдайда бір ай деп анықталған. Жеделдетілген тергеу өндірісі үлкен қиыншылық тудырмайтын, ал қылмысты жасаған адам анықталған айқын қылмыстар ғана тергейтін болады.

Заңнамадағы осы өзгертулердің мақсаты қылмыс жөніндегі материалдарды сотқа дейінгі әзірлеу рәсімін жаңа, анағұрлым сапалы деңгейге көтеру, оны барынша оңайлату болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын реформалауды бастау керек».
- 2 Аубекеров С. Суд присяжных заседателей скоро появится в Казахстане // Российская юстиция. – 2002. – № 2. – С. 36.
- 3 Григорьева Н.В. Принципы уголовного судопроизводства и доказательства (обсуждаем проекты УПК) // Российская юстиция. – 1995. – № 8. – С. 39 – 42.
- 4 «Жаңа қылмыстық және қылмыстық процессуалдық заңнама нормаларын қолдану» халықаралық семинар // «Заң газеті» 30.09.2014.С.4.
- 5 Карнозова Л.М. Методологические заметки к анализу процессуальной конструкции суда присяжных // Государство и право на рубеже веков (Материалы Всероссийской конференции 2 – 4 февраля 2000 г.): Криминология, уголовное право, судебное право. – М., 2001. – С. 227-232.
- 6 Кайржанов Е.Е. Как нам улучшить законотворчество? // Вестник министерства юстиции. – 1995.
- 7 Уайнреб Ллойд Л. Отказ в правосудии // Уголовный процесс в США. – М., 1985.
- 8 Амбасса Л.Ш. Обвинительная камера в уголовном процессе Франции // Российская юстиция. – 1998. – № 7. – С. 51-52.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N. Nazarbaevtyñ 2012 zhylygy 14 zheltoksandagy «Kazakstan-2050» Strategijasy kalypptaskan memlekettin zhana sajasi bagyty» atty Kazakstan halkyna Zholdauynda «Kylmystyk zhane kylmystyk is zhyrgizu zandaryn reformalaudy bastau kerek».
- 2 Aubekеров S. Sud prisjazhnyh zasedatelej skoro pojavitsja v Kazahstane // Rossijskaja justicija. – 2002. – N 2. – S. 36.
- 3 Grigor'eva N.V. Principy ugovolnogo sudoproizvodstva i dokazatel'stva (obsuzhdaem proekty UPK) // Rossijskaja justicija. – 1995. – N 8. – S. 39 – 42.
- 4 «Zhаңа қулымстық және қулымстық processualдық заңнама normalaryn қолдану» halyқаралық seminar // «Заң газети» 30.09.2014.S.4.
- 5 Karnozova L.M. Metodologicheskie zametki k analizu processual'noj konstrukcii suda prisjazhnyh // Gosudarstvo i pravo na rubezhe vekov (Materialy Vserossijskoj konferencii 2 – 4 fevralja 2000 g.): Kriminologija, ugovolnoe pravo, sudebnoe pravo. – M., 2001. – S. 227-232.
- 6 Kairzhanov E.E. Kak nam uluchshit' zakonotvorchestvo? // Vestnik ministerstva justicii. – 1995.
- 7 Uajnreb Lloid L. Otkaz v pravosudii // Ugolovnyj process v SShA. – M., 1985.
- 8 Ambassa L.Sh. Obvinitel'naja kamera v ugovolnom processe Francii // Rossijskaja justicija. – 1998. – N 7. – S. 51-52.